



«АЛУШЫНЫҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫНА (ЖЕРЛЕУГЕ) БАЙЛАНЫСТЫ ТӨЛЕМГЕ ӨТІНІШ БЕРУ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУШЫҒА ЖАДЫНАМА

Алматы, 2026 жыл





«Адамның қайтыс болуына (жерлеуге) байланысты төлемге өтініш беру» электрондық қызметін мынадай шарттар болған кезде пайдалануға болады:

- жеке зейнетақы шотында (-тарында) (бұдан әрі - ЖЗШ) міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының болуы;
- дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің болуы;
- өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) өзекті кілтінің болуы;
- «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорында (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжат туралы мәліметтердің болуы, ЖТ МДҚ-да өтініш берушінің әрекетке қабілетсіздігі (әрекетке қабілеттілігін шектеу) туралы мәліметтердің болмауы;
- мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - МО АЖ) зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның қайтыс болуы туралы мәліметтердің болуы және өтініш берушінің қайтыс болған адаммен туыстық байланыстарын растау;
- өтініш берушінің ЕДБ-да/«Қазпошта» АҚ-да Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ашылған банктік шотының болуы;
- өтініш берушінің ЭЦҚ сертификатындағы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН деректерінің ЖТ МДҚ-дағы деректерге сәйкестігі.



Техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗК-ның интернет-ресурсының және (немесе) ЖТ МДҚ сервисінің жұмысындағы үзілістерді қоспағанда, қызмет өтініш берушіге тәулік бойы қолжетімді.

«Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті келесі тәсілдермен авторлануға мүмкіндік береді:



ЭЦҚ кілтінің көмегімен



логин (ЖСН) және парольдің көмегімен



eGov mobile көмегімен



«Жеке кабинетте» авторлану тәртібімен «БЖЗҚ» АҚ-ның интернет-ресурсында: Онлайн қызметтер/Жадынамалар және электрондық қызметтер стандарттары/ «Жеке кабинет» пайдаланушысының жадынамасы бөлімінде танысуға болады



БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында авторланғаннан кейін Жеке кабинетте «Қызметтер» бөлімінде қызмет түрін таңдау қажет:



Жерлеуге жәрдемақы алуға өтініш беру

Қайтыс болған адамның ЖСН енгізу қажет:


Жерлеуге жәрдемақы алуға өтініш беру

1 Марқұмның ЖСН-ін енгізіңіз


ЖСН растау

ЭЦҚ-мен қол қою QR-мен қол қою

! Егер МО АЖ-да жеке тұлғаның қайтыс болуы туралы мәліметтер болмаса - тиісті хабарлама шығады:



! Егер қайтыс болу фактісі расталса – туыстық байланыстардың бар-жоғы тексеріледі, олар болмаған жағдайда келесі хабарлама шығады:



- Туыстық байланыстарды растау кезінде келесі терезеге көшу жүзеге асырылады, онда алушының банктік деректемелерін көрсету қажет:

Жерлеуге жәрдемақы алуға өтініш беру

✓ Марқұмның ЖСН-ін енгізіңіз

2 Банк деректемелері

Бенефициар ТАӘ
Иванов Иван Иванович

Сіздің банк шотыңыздың деректемелерінде акеңіздің аты көрсетілген бе?
 Иә Жоқ

Резиденттік елі
Казахстан Резидент

Бенефициар ЖСН
000000000000

Шотты таңдау
Карточкалық

Төлем валютасы
KZT

Банк атауы

Филиал/бөлімше атауы
АО "Народный Банк Казахстана"

Алушы ЖСК/IBAN

Банк БСК
HSBKZKX

Банк БСН
940140000385

Банк ЖСК/IBAN
KZ00000000000000000000

Банк мәліметтерін тексеру



Өтініш беруші әкесінің аты жоқ банктік деректемелерді ұсынған жағдайда, тиісті белгі қою қажет



Толтырғаннан кейін көрсетілген банктік деректемелердің дұрыстығын тексеріп, «Банктік деректемелерді тексеру» батырмасын басу қажет:




Тексеру сәтті өтті





Верификацияның нәтижесі оң болғанда тиісті хабарлама шығады:

Өтінішке қол қою

 Өтінішті толтырғаннан кейін өтінішке қол қою тәсілін таңдау керек:



 «ЭЦҚ-мен қол қою» тәсілін таңдау кезінде «Сертификатты таңдау» батырмасын таңдау қажет, бұл батырма міндетті түрде толтырылуы тиіс барлық жолдарды толтыру кезінде белсенді болады



«ЭЦҚ-мен қол қою» тәсілін таңдау кезінде дербес компьютерде орнатылған (іске қосылған) NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуінің (бұдан әрі – БҚ) болуы міндетті.

NCALayer орнатылмаған жағдайда, NCALayer БҚ орнату файлын жүктеу қажет. NCALayer БҚ орнату бойынша пайдаланушы нұсқаулығы ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының сайтында келесі: <https://pki.gov.kz/ncalayer/> сілтемесі бойынша қолжетімді.

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде болса (GOST файл сертификаты деп аталады), онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалогтық терезесін ашып, осы файлға жолды көрсету керек.

Өтінішке қол қою



«QR кодымен қол қою» тәсілін таңдау кезінде толық қадамдық нұсқаулық және өтінішке қол қою үшін QR коды шығады:


QR қол қою

QR-код арқылы қол қою үшін eGov Mobile қосымшасын ашу қажет


Егер eGov Mobile қосымшаңыз жоқ болса, оны ресми сілтеме бойынша орнатыңыз

Загрузите в App Store


доступно в Google play



1. Құрылғыңызда орнатылған eGov Mobile ашыңыз



2. Басты беттің жоғарғы оң бұрышындағы QR сканерін ашыңыз



3. Кодты оқу үшін телефонның камерасын сол QR-ға беттеңіз

Қол қоюды аяқтау



Бұл қол қою тәсілі **eGov mobile** интеграциясы негізінде жүзеге асырылады, сондықтан өтініш беруші бұл қосымшаны ұялы телефонына орнатып, авторлануы керек. **«QR-мен қол қою»** батырмасын басқаннан кейін Қор серверіне сілтемені қамтитын QR-код жасалады. Бұл QR кодын EGOV mobile мобильді қосымшасының көмегімен сканерлеу керек, оның жоғарғы оң жақ бұрышында QR кодтарын оқуға арналған белгі бар.

QR коды сканерлегеннен кейін қол қойылатын құжатты көрсететін терезе ашылады. Әрі қарай, **«Қол қою»** батырмасын басу арқылы пайдаланушы құжатқа қол қоюды аяқтауы керек. Нәтижесінде **«Қол қою сәтті аяқталды»** деген хабарлама шығуы керек.



Берілген өтініштің мәртебесін келесі қосымша бетте тексеруге болады:



Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім / ЕЗЖ қайтару



Рақмет!

